



№56 ЖОББМ директоры
Наримбетова Г.М.

**«АТАМЕКЕН» хорда ән айту үйірмесі оқушыларының тізімі
2024-2025 оқу жылы**

2 топ

№	Оқушының аты-жөні	класс	Мекен-жайы
1	Абдулла Медина	3 класс	12 мкр,64 үй,35 пәтер
2	Абай Айару	3 класс	12 мкр.53 дом.кв 23
3	Алтай Көзайым	3класс	12 мкр 58 В-115
4	Оспан Ханшайым	3класс	Алтай батыр 6,114
5	Жаңбырбай Асыл	3класс	12 мкр-65-108
6	Жанаев Али	3 класс	12 мкр.26 дом.кв 40
7	Нурбаева Акеркем	3 класс	12 мкр,42 дом кв 39
8	Құттымұрат Айсезім	3 класс	Бөгенбай батыр 153 кор 6 кв 110
9	Мулдабекова Амина	3 класс	12 мкр .63-119
10	Сағынай Санжар	3 класс	12 мкр 58в, 13 кв
11	Искужина Диана	3 класс	Р.Москва Иманова 103
12	Кенесбекова Раяна	3класс	12 мкр,50 д,кв 211
13	Русланұлы Абди Жамиль	3 класс	Актюбселмаш 11/5
14	Толағай Аягөз	3 класс	12 мкр.65 дом,кв 7
15	Камилбек Жанель	3 класс	12 ш.а 30 үй,36 пәтер
16	Еркін Анель Нурболқызы	3 класс	12 мкр,52 дом,кв 10

Жетекшісі: Махамбетова Тойғаным Жараскановна
Тел: 8-705-468-20-25



№56 ЖОББМ директоры
Наримбетова Г.М.

«АТАМЕКЕН» хорда ән айту үйірмесі оқушыларының тізімі
2024-2025 оқу жылы

1 топ

№	Оқушының аты-жөні	класс	Мекен-жайы
1	Аманжанова Айару	4 класс	Сәңкібай батыр 76/22
2	Асан Әділет	4 класс	Алтай батыр 69 а
3	Серікбай Айару	4 класс	Ветеран-2 б/ү, 40 үй
4	Тошбаева Раяна	4 класс	12 мкр 65, кв 51
5	Омар Мұстафа	4 класс	Набережная 79Б, 34
6	Асан Ержан	4 класс	12 мкр 53-11
7	Ерлан Аянат	4 класс	12 мкр, 62 дом, кв 8
8	Бигалиев Мирас	4 класс	12 мкр, 20, 47 кв
9	Серік Назым	4 класс	район Москва ул. Ақтау 13
10	Кубаева Алуа	4 класс	ПМК-1 с/к Ромашка 33
11	Амирова Нұрсая	5 класс	12 мкр 41 дом
12	Тайырова Жанерке	5 класс	Ұстаз 28
13	Лайықова Бибі	5 класс	Цк А свет 65 дом
14	Әділова Еркеназ	5 класс	12 мкр 49 дом кв 110

Жетекшісі: Махамбетова Тойғаным Жараскановна
Тел: 8-705-468-20-25



№ 56 ЖОББМ директоры

Т. Наримбетова

2024 ж.

**«Атамекен» хор үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы**

Жетекшісі: Махамбетова Т.Ж.

Класс: 3-5

Түсінік хат

Мектепте ұйымдастырылатын хор үйірмесі оқушылардың шығармашылық дамуына жол ашады. Хор үйірмесі баланың есте сақтау, тыңдау қабілеттерін арттырып, өзін-өзі ұстай білуге, жеке басының мүддесін ұжымға бағындыруға, қиялы мен еркін бақылау жасауға септігін тигізеді.

Ұстаздың әр сыныптағы оқушылардың бастарын қосып, хор ұжымын ұйымдастыру жұмысы музыкалық тәрбиенің басты салаларының бірі. Адам жеке басының жан-жақты дамуына, психологиялық мінез-құлықтың дұрыс қалыптасуына хор құрамында ән айту өнері үлкен әсер етеді.

Бұл бағдарлама бастауыш 3-4 сынып жеткіншектерінің жас ерекшелігіне, танымдық қабілеттерінің мүмкіндік деңгейлеріне сай іріктеліп жасалған. Мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде, сонымен қатар олардың музыкалық қабілетін арттыруда хор айту мен оны ұйымдастыру жұмысын дұрыс жолға қоя білу аса маңызды. Әрбір хор шығармасының өзіндік тақырыбы, мазмұны және идеясы болады. Хор ұжымында әндік дикция мен орфоэпия заңдылықтарын меңгерудің және ән, хор айту дағдыларын үйренудің маңызы зор.

Хор үйірмесінде ән-хор айтудың маңызы төмендегідей анықталады:

- Оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін музыканың тәрбиелік, білімділік және дамытушылық мүмкіншіліктерімен;
- Балалардың санасына әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруда музыканың бірден-бір ерекше құралы екендігі;
- оқушылардың денсаулығына ықпал ететін негізгі фактор ретінде вокалды-хор орындаушылық әрекеттерімен (дұрыс тыныс алуын жолға қою, жас ерекшелігіне сай кездесетін, сөйлеу кемістігін түзеу, қозғалыс координациясы және дене қызметіне түскен күшті сергіту).

Хордың дауыс аумағы, орындаушылық мүмкіншіліктері әлдеқайда артық, әрі онда әр түрлі арнайы және қосалқы жаттығулар арқылы оқушылардың даусын қоюға, хор дағдыларын меңгеруге байланысты жұмыстар жүргізіледі. «Хор» үйірмесінің талабы оқушыға алған біліміне сай ән таңдауға, туған елінің өркендеуіне үлесін қоса алатын тұлға тәрбиелеу.

Мақсаты:

- * хормен ән айту мәдениетінің негізін оқушыларда ұйымдастыру;
- * теориялық білімдер жүйесі, практикалық ептілік және хор айту дағдысымен жұмыс істеу.
- * оқушыларды өнер құндылықтарын сезіну, таза және мәнерлі ән салу, тіл, сөз өнерін меңгеру, олардың бойында адамгершілік-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, шығармашылықтарын арттыру болып табылады.

Міндеттері:

- * оқушылардың хормен ән айту қызушылығын баулу, оның қажеттілігін көрсету;
- * ән салатын дыбыстың пайда болу дағдыларының дағдысын және шеберлігін ұйымдастыру;
- * Қазақ және әлем халқының вокалды шығармашылық үлгілермен танысу;

Хор ұжымын ұйымдастыру жұмысы оған оқушыларды қабылдауға арналған талаптардан басталады. Бұл талап та, ең алдымен, оқушылардың музыкалық ән айту қабілеттерін тыңдап, байқау жұмысынан тұрады. Балалардың дауыс мөлшерін анықтауға барынша көңіл бөлінгені дұрыс.

Хормен дайындық жұмысы кезең-кезеңмен жүргізіліп, ол әрбір жаңа әнді жан-жақты таныстырумен басталғаны орынды. Хорға шығарманы үйрету жұмыстары әннің сөздерін жаттатудан басталады.

Үйірменің міндеті:

Хор айтуда дыбыс шығарудың нәтижесі әрбір әншінің дене мүшелерін – бас, кеуде, мойын, ауыз, тіл, ерін, өңешін қандай қалыпта ұстауына байланысты. Хор орындаушылардың дыбыс шығаруы, жеке дыбыс пен сөздердің анық естілуі (дикция), жалпы топ дауыстың бірлігін білдіретін біркелкі үндестік, ансамбльдік құрылым, дирижер қолының әрбір иірімдік қозғалыстарын қалт жібермей қадағалай білу – міндетті шарттылықтар.

Оқушылардың білуі және игеруі тиіс

- музыканы үйреніп білу (ән айтып үйрену)
 - музыка шығармаларын білу ән тыңдап, олардың жанрлық ерекшеліктерін ажырата білу;
 - ән айту ережелерін білу;
 - хорға қосылып ән айтып үйрену;
 - ансамбль, оркестр шығармаларын тыңдап, оларға қосыла білу;
 - музыка сауатын (формасы, жанр түрі, нота сауаты) үйрену;
 - кәсіби (профессионалды) музыканың жанрлық түрлерін айыра білу;
 - халық шығармаларын тыңдап, үйрене білу;
 - мемлекеттік әнұранды жатқа білу;
 - мектеп, қоңырау, ұстаз, білім күні, ана, әке, бейбітшілік, наурыз жаңа-жыл, баланы қорғау күні, жер, отан т.б. мерекелерге арналған тәрбиелік мәні бар әндерді жаттап алу;
 - халық композиторларының өмірі мен шығармашылық жолдарымен танысу;
 - танымал композиторлардың өмірімен шығармашылық жолдарынан мағлұмат алу;
 - әр түрлі жанрдағы музыканы тыңдау;
- театр, кино, музей, филармония сияқты мәдени орындарға барып, музыка тыңдап, оларды қызықты етіп әңгімелеу.

Қажеттілігі:

Оқушылар бойында рухани мәдениеттің аса маңызды әрі ажырамас бөлігі – музыкалық мәдениетті қалыптастыру. Музыка арқылы бала шабыттанады, ой өрісі ашылады, билеп ән айтып еркін демалады, эмоциялық жағынан жетіледі. Музыкаға әнге қызығушылық танытқан бала ертең өнерге деген құлшынысын көрсете алады, өзінен асып биік белестерге де жетеді.

Бағдарламаның өзектілігі:

Қолайлылық және бірізділік ұстанымдары жас және жеке дара ерекшеліктерін ескере отыра, олардың музыкалық дамуына ықпал ететін, жоғары сынып оқушыларына орындауға қолайлы музыкалық материалды іріктеуге көмектеседі.

Эстетикалық және этикалық ұстанымдар бағыты негізінде іріктелген оқу материалы, балаларға бір жағынан музыканың көркемдігін танып білуге, ал екінші жағынан оның мазмұны арқылы біреуге жақсылық жасау, сүйіспеншілік және сыйластық сияқты ұғымдарды сезінуге мүмкіншілік береді.

Азаматтық және патриоттық бағыттар, балаларды өз Отанына және халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелейтін музыкалық материалды іріктеуді реттеді.

Көркемдік және техникалық ұстанымдар, қызықтырғыш ұстанымдар бірлігі іріктелген музыкалық материалдың балаларға қызықты болуына, тәрбиелік, білімділік және дамытушылық сипатқа ие болуына бағытталған.

Маңыздылығы:

Бағдарлама бала даусын ескере отырып музыканы сезіммен және саналы түрде қабылдауға үйрету міндетін іске асырады. Вокалды-хор жас ерекшеліктеріне сай берілген әр түрлі деңгейдегі күрделі әндерді орындау барысында, музыкалық бейнелерді өзінше түсіндіріп беруді үйренеді. Музыкаға баулудың ең белсенді түрі әнді жеке, ансамбль, хормен орындауы, әр түрлі деңгейде жалпы және музыкалық дамыған оқушыларды ықыластылыққа, байқағыштыққа, тәртіптілікке тәрбиелеп, бірыңғай шығармашылық ұжымға топтасуға ықпал етеді.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

Хор 3-4 сынып аптасына – 1 сағат, жылына 34 сағатты құрайды.

I бөлім «Хор» туралы ұғым

Барлығы 8 сағат

1-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Хор» туралы ұғыммен таныстыру

Білуі тиіс: Хор жөнінде түсінік

2-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Ән-айту техникасын қалыптастыру.

Білуі тиіс: Жаттығулар жасап, дауысты ән айтуға дайындау;

3-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Хор айту ережелері.

Меңгеруі тиіс: ән айту ережелерінің түрлері.

4-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Дауысқа бөлу.

Жас ерекшелігіне байланысты музыкалық есту, орындау қабілетіне қарай дауысқа бөлу.

5-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Хордағы дауыс түрлері.

Білуі тиіс: Әнмен біртіндеп көп дауысты ән айтуға дайындық жұмысын жүргізу

6-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Қазақ елі» Сөзі:Е.Ынтықпаев Әні:Ш.Сариев

Білуі тиіс: Көркемді-орындаушылық қабілеттерді дамыту.

7-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Қазақ елі» әнінің 2,3 шумақтарын үйрету.

Меңгеруі тиіс: ән айту барысында дауыс мөлшеріне қарай анықталатындығы туралы, төменнен жоғарыға дейінгі дауыстардың жиынтығы.

8-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Көркемдік техникалық қағидаларды сақтай отырып әндерді к/у.

Білуі тиіс: Түрлі жаттығулар айтып, репетиция сайын жүйелі түрде дайындық жүргізу

II бөлім Дұрыс тыныс алудың үш ережесі.

Барлығы 8 сағат

9 - сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Әнді жеке, ансамбль, хормен орындау.

Меңгеруі тиіс: шығармашылық ұжымға топтастыру

10-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Хормен ән орындау процесінде, дұрыс бағытта айтқызу.

Меңгеруі тиіс: біртекті дауыс бояуының, дыбыс қатарындағы дауыс тербелісінің жұмысы.

11-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы. Әр түрлі жанрдағы музыканы тыңдау,үйрену.

Білуі тиіс: Есте сақтау, ырғақ,есту қабілеті, зейін,түйсіну т.б. муз. жағынан дамыту

12-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Егемен ел Қазақстан» Әні мен сөзін жазған Н.Алғашбаев

Білуі тиіс: Музыкалық шығармалардағы бейнені түсініп әнді мәнерлі орындай білуге үйрету.

13-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Егемен ел Қазақстан» әнінің 2,3 шумақтарын үйрету.

Меңгеруі тиіс: дауыстың сапалы шығуына жағдай тудыратын әндік дыбыс жаттығулары

14-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Өзіндік қабілетін белсенді түрде көрсете білуге баулу;

Меңгеруі тиіс: Есте сақтау, ырғақ, есту қабілеті, зейін, түйсіну т.б. муз. жағынан дамыту

15-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Жаттығулар оның маңыздылығы

Білуі тиіс: Өнші дауысын ажырату. (тенор, бас, сопрано, альт, баритон).

16-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Музыкалық талғамды қалыптастыру

Меңгеруі тиіс: Оқушыларға музыкалық- эстетикалық тәрбие беру

III бөлім Өндерді нотамен үйрету

Барлығы 10 сағат

17-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Дұрыс тыныс алудың үш ережесі.

Білуі тиіс: Тыныс алу жаттығулары.

18-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Өндерді нотамен үйрету

Меңгеруі тиіс Диапазонды кеңейту жаттығулары.

19-сабақ

Тақырыбы: «Япурай» халық әні үйрену

Меңгеруі тиіс: әннің әуезділігі, әсерлілігі, көркемділігі.

20-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: : «Япурай» халық әнінің шумақтарын к/у орындау

Білуі тиіс: 1-ші 2-ші дауыстарды канонмен орындату.

21-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Өндерді екінші дауыста сапалы жаттау.

Білуі тиіс: Өнді айқайламай айтуға дағдыландыру.

22-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Дирижердің көрсетуімен өткен әнді жатқа орындау.

Білуі тиіс: Дикция жаттығулары, түсіндіру, орындау.

23-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Хор мен-ән техникасын меңгеру.

Білуі тиіс: Өндеттіру функциясы

24-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Интонация мен ырғақ.

Меңгеруі тиіс: Өрбір әншінің– бас, кеуде, мойын, ауыз, тіл, ерін, өңешін қалыпта ұстауы

25-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Дыбыстарды түзеу, артикуляциялық гимнастиканың рөлі.

Меңгеруі тиіс: жаттығулар арқылы, тыныс алу техинкасымен жұмыс істеудің әдістері.

26-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Көк тудың желбірегені» Өнін жазған Е.Зейіпхан Өлеңін жазған

А.Ахметбекұлы

Меңгеруі тиіс: Екінші дауысты сапалы жаттап орындау.

IV бөлім. «Жасампаз ел жастары»

Барлығы 8 сағат

27-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Жасампаз ел жастары» әнін үйрету.

Меңгеруі тиіс: Дауыс ырғақтарын талдау

28-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: «Жасампаз ел жастары» әнінің 2,3 шумақтарын үйрету.

Білуі тиіс: Муз-ық шығарма-ғы бейнені түсініп әнді мәнерлі орындай білуге үйрету.

29-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Өншінің тыныс алу, ән салу қалпы.

Меңгеруі тиіс: Үзбей тыныс алуды (цепное дыхание) үйрету.

30-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Дауыс диапазонын анықтау. өткен өндерді к/у

Білуі тиіс: Түрлі нюанстарды қолдану (mF, mP, P, F).

31-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Хор коллективтерін құру, оның жұмысын бір жүйеге келтіру

Меңгеруі тиіс: Диапазонды кеңейту жаттығулары.

32-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Фонограммада, вокалдық партияны текстімен айтып жатқа орындау.

Меңгеруі тиіс: Дауыс ырғақтарын талдау.

33- сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Концерт сабақ

Меңгеруі тиіс: Сөз өнері музыка, орындаушылық шеберлігі, сахна т.б.

34-сабақ (1 сағат)

Тақырыбы: Әндерді қайталау, пысықтау жыл бойы үйренген әндерді орындау

Меңгеруі тиіс: Қол жеткізген жетістіктерін талдау.

Хор үйірмесінің күнтізбелік тақырыптық жоспары
3-4 сынып аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағат

р/с	Бөлімше Тақырып	Бөлім	Оқу мақсаты	сағат саны			Білім өнімі
				бар лығы	лекция теория	тәжі рибе	
I бөлім «Хор» туралы ұғым							
Барлығы 8 сағат: теория-4, тәжірибе-4							
1	Үйренген әндерді қайталау, еске түсіру «Қазақстан» Әні: А. Қоразбаев Сөзі: Ж.Молдағалиев	Жас ерекшелігіне байланысты музыкалық есту, орындау қабілетіне қарай дауысқа бөлу.	1	1	1	Оқушылардың музыкалық ән айту қабілеттерін тыңдап, байқау.	
2	Жас ерекшелігіне қарай классикалық композициялар тыңдауға баулу	Баланың есте сақтау, тыңдау қабілеттерін арттыру	1		1	аудио – медиа таспалармен жұмыс	
3	Ән-айту техникасын қалыптастыру.	хормен ән айту мәдениетінің негізін ұйымдастыру;	1	1		Ән айту ережесі туралы түсінік қалыптастыру	
4	Хор айту ережелері.	өзін-өзі ұстай білуге, жеке басының мүддесін ұжымға бағындыру	1	0,5	0,5	Дауыс ерешеліктерін анықтау	
5	Ән орындаудағы тазалықты үйрену	хор сабағында оқушылардың шығармашылық дамуына жол ашу	1	0,5	0,5	Вокалдық жаттығуларды меңгерту	
6	«Ұстаздарға қошемет» әні) Алтын Махамбетова	оқушылардың өнер құндылықтарын сезіну, таза және мәнерлі ән салу, тіл, сөз өнерін меңгеру,	1			Репертуарларды жатқа дұрыс орындау	
7	Халық әндерінің бояуын сезіну	оқушылар бойына адамгершілік-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру,	1	0,5	0,5	Ән айту техникасын дамыту	
8	Көркемдік техникалық қағидаларды сақтай отырып ән орындауды қалыптастыру	хормен ән айту қызушылығын баулу, оның қажеттілігін көрсету;	1	0,5	0,5	Мақам дағдыларын дамыту	
II бөлім Дұрыс тыныс алудың үш ережесі.							
Барлығы 8 сағат: теория 4, тәжірибе-4							
9	Әнді жеке, ансамбль, хормен орындау.	Теориялық білімдер жүйесі, практикалық ептілік және хор айту дағдысымен жұмыс істеу.	1	0,5	0,5	Дауыстың түрлерін таныту	

10	Хормен эн орындау процесінде, дұрыс бағытта айтқызу.	Ән салатын дыбыстың пайда болу дағдысын және шеберлігін ұйымдастыру;	1	0,5	0,5	Тыныстауды үнемдеуді меңгерту
11	Әр түрлі жанрдағы музыканы тындау, үйрену.	Қазақ және әлем халқының вокалды шығармашылық үлгілерімен танысу;	1	0,5	0,5	Музыкалық сауаттылық диапазон жайлы түсінік
12	«Егемен ел Қазақстан» Әні мен сөзін жазған Н.Алғашбаев	әр оқушының жағдайы, дауыс, есте сақтау, есту, ырғақ соғу сияқты қабілеттерін көрсету	1	0,5	0,5	Әнмен біртіндеп көп дауысты ән айтуға дайындық жұмысын жүргізу
13	«Егемен ел Қазақстан» әнінің 2,3 шумақтарын үйрету.	жаңа әнді кезең-кезеңмен жүргізіп, жан-жақты таныстыру	1	0,5	0,5	Түрлі жаттығулар айтып, жүйелі түрде дайындық жүргізу
14	Өзіндік қабілетін белсенді түрде көрсете білуге баулу;	Хорға шығарманы үйрету жұмыстары, әннің сөздерін жаттату	1	0,5	0,5	Музыкалық тірек қысқаша конспек құрастыру
15	Жаттығулар оның маңыздылығы	Балалар хормен ән айту арқылы бір-бірін тындай отырып әнді дұрыс орындайды, таза және мәнерлі ән салады, тіл, сөз өнерін меңгереді	1	0,5		Дауыс жетілдіруге арналған жаттығулар
16	Музыкалық талғамды қалыптастыру	Сөзбен түсінік беріп, жекелеген тұстарды көрсетіп отыру	1	0,5	1	Топтық және жеке оқушымен жұмыс жүргізу

III бөлім Әндерді нотамен үйрету

Барлығы 10 сағат: теория -5, тәжірибе-5

17	Дұрыс тыныс алудың үш ережесі.	Дауысты және дауыссыз дыбыстардың ән айтудағы ролі, олардың бір-бірімен өзара байланысы	1	0,5	0,5	Музыкалық сауаттылық Әннің ерекшелігін талдау.
18	Әндерді нотамен үйрету	Дирижердің қол сермеу арқылы әнге «дайын болу», «тыныс алу», әнді «бастау», «аяқтау» сияқты негізгі талаптарды түсініп, орындау;	1	0,5	0,5	музыка сауатын (формасы, жанр түрі, нота сауаты) үйрену
19	«Гүлдерайым» халық әні үйрену	Хормен ән айту – балалар бойындағы көркемдік, сезімталдық,	1	0,5	0,5	Халық әндері туралы түсінік.

		интеллектуалдық қасиеттерін, талғамын дамыту				
20	«Гүлдерайым» халық әнінің шумақтарын к/у орындау	Ән айту барысындағы орындаушының басының, кеудесінің дұрыс ұстауын қадағалау. Отырып және тұрып ән айту дағдылары.	1	0,5	0,5	Әнді жинақы жабық дауыспен академиялық үлгіде жаттықтыру.
21	Әндерді екінші дауыста сапалы жаттау.	Вокалдық жаттығуларды меңгерту шығармашылықтарын арттыру	1	0,5	0,5	Дұрыс тыныстаудың ерекшелігін анықтау
22	Дирижердің көрсетуімен өткен әнді жатқа орындау.	Репертуарларды жатқа дұрыс орындау	1	0,5	0,5	Топтық жұмыс жүргізу
23	Хор мен-ән техникасын меңгеру.	Дыбыс диапазоның анықтау,хормен әндету тәсілдерін қалыптастыру	1	0,5	0,5	Дикция жаттығулары, түсіндіру,орында
24	Тесситура Көмейді өз күйіне келтіру.	Оқушылардың түрлі мінез-құлықтарын есепке алып, жұмыс жасау.	1	0,5	0,5	Музыкалық терминдерге тоқталу
25	Артикуляция мен бас резонаторын сезіну жаттығулар	ән айтқанда жылдам орындалатын шығармаларда қысқа және белсенді тыныс алу немесе баяу орындалатын шығармаларда асықпай және белсенді тыныс алу, т.с.с.)	1	0,5	0,5	Дауыс жетілдіру жаттығуын жасату
26	«Көк тудың желбірегені» Әнін жазған:Е.Зейіпхан Өлеңін жазған: А.Ахметбекұлы	Ән айту барысында тыныс алудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану	1	0,5	0,5	Отан, туған ел туралы түсінік.

IV бөлім. «Туған жердің таланттары»

Барлығы 8 сағат: теория 4, тәжірибе 4

27	«Жасампаз ел жастары» әнін үйрету.	Эстетикалық мәдениетін қалыптастыру	1	0,5	0,5	Дауыс ырғақтарын талдау
28	«Жасампаз ел жастары» әнінің 2,3 шумақтарын үйрету.	балаларды өз Отанына және халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	1	0,5	0,5	Муз-ық шығармасы бейнені түсін әнді мәнерлі орындай білуге үйрету.

29	Әншінің тыныс алу, ән салу қалпы.	музыкалық-эстетикалық тәрбие беру	1	0,5	0,5	Үзбей тыныс алуды (цепное дыхание) үйрету
30	Дауыс диапазонын анықтау. өткен әндерді к/у	Дауысты дыбыстарды ауызды дөңгелектей отырып дыбыстау.	1	0,5	0,5	Түрлі нюанстарды қолдану (mF, mP, P, F).
31	Хор коллективтерін құру, оның жұмысын бір жүйеге келтіру	оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру,	1		0,5	Диапазонды кеңейту жаттығулары.
32	Фонограммада, вокалдық партияны текстімен айтып жатқа орындау.	хорға қосылып ән айтып үйрену;	1	0,5	0,5	Дауыс ырғақтарын талдау.
33	Концерт сабақ	мектеп, қоңырау, ұстаз, білім күні, ана, әке, бейбітшілік, наурыз жаңа-жыл, баланы қорғау күні, жер, отан т.б. әндерді жаттап алу;	1	1	0,5	Сөз өнері музыка орындаушылық шеберлігі, сахна т.б.
34	Әндерді қайталау, пысықтау жыл бойы үйренген әндерді орындау	Көркем өнерпаздар концертін ұйымдастыру.	1	0,5	0,5	Қол жеткізген жетістіктерін талдау.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Хор үйірмесіне құрылған бағдарлама мазмұны 34 сағатты құрайды

I. Теориялық бөлім – (17 сағат)

Ән айту ережелерімен таныстыру.

Дауыс жаттығулар мен тыныс алу жолдарын түсіндіру.

II. Практикалық бөлім – (17 сағат)

Сахна мәдениетін үйретіп ән айтқызу.

Конкурс, жарыстар, концерттерді ұйымдастыру.

3-4- сыныптарға арналған хор үйірмесінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту

Міндеттері: хор өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру; сын тұрғысынан ойлауы мен музыкаға жағымды қарым-қатынасын, музыкалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру; музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу және орындаушылық пен импровизациялау, презентациялау оқу пәндік-тақырыптық білім, білік, дағды аясында дамыту; музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту; музыка өнері негізінде коммуникация формалары жөнінде білімін қалыптастыру; музыкалық-шығармашылық

жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру (импровизация және өңдеу); ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық және техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру, дамыту.

«Хор» үйірмесі бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 4 - 5 - сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

«хор» үйірмесінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер пән бойынша оқыту мақсаттары және оған қол жеткізу реттілігін сыныптар бойынша мазмұндайтын бөлімшелерге бөлінген.

Әрбір бөлімшелерде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге үш түрлі іс-әрекет арқылы (білім алушылардың музыкалық сауаттылықты зерделеу, музыкалық-орындаушылық және музыкалық-шығармашылық іс-әрекеті) жұмысты жүйелі жоспарлауға, олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. 3-4-сыныптарда 2024-2025 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады. Музыка туралы, оқушы шығармаларын үйреніп жүрген композитор туралы әңгімелерді, шығарманың әдеби текстін талдауды, ақын туралы мәліметтерді, шығарманың жазылу тарихын түсіндіре отырып, маман әншілердің (ересек жастағы оқушылар үшін) орындауындағы дыбыс жазбаларын тыңдап көреді.

Балалармен хор жұмысының бірқатар ерекшеліктері болады

1. Орындайтын шығармаларын мазмұнды, көркем орындау
2. Шығарманы орындау кезінде өзін - өзі ұстау
3. Сахнаға тәртіпті сақтап шығу, шығарманы орындап болғаннан кейін шығып кетуді үйрету.

Практикалық жұмыстарда музыкалық сауаттылық, дауыс баптау жаттығулары, ән үйрену, орындау жүйесі қарастырылады. Вокал мен хордың бір-бірімен айырмашылығы орындаушылық шеберлігіне, ән айту үлгісі мен репертуарлар характеріне байланысты.

Хор - коллективтерін құру, оның жұмысын бір жүйеге келтіру хор жетекшілеріне жүктеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Осеннева М. Самарин В. А. Хоровой класс и практическая работа с хором. 90 – 102 бет. 2016 г
2. Быков Н. Основы работы с детским хором. 30 – 44 бет. 2017г
3. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2019ж
4. Жұбанов А. «Замана бұлбұлдары» 2018ж.
5. Затаевич А. «1000 песенъ казахского народа» 2015ж.

Оқушыларға ұсынатын әдебиеттер тізімі

1. «Мектеп әндері» ән жинағы 2018
2. Бота Бейсенова Балалар әндер жинағы. 2016, 2017, 2018
3. Жалпы білім беретін мектептің 5-6 сынып оқушыларына арналған оқулық /Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова. – Алматы: Атамұра, 2017.
4. А.Махамбетова «Әнші болғым келеді» әндер жинағы Алматы, 2018 ж.
5. Бейсенова Б. «Мектебім, аяулы мектебім» 2017ж.

Қосымша

Хор үйірмесі бойынша қосымша пайдалануға болатын шығармалар тізімі:

1. М.А.Уразалиева, С.К.Омарова
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған
Музыка оқулығы Алматы кітап баспасы, 2017ж
2. Егоров А.А. Теория и практика работы с хором 225 – 231 бет. 2018ж
3. «Сазды әуен» өнері бағдарламасы Сыдыкова Г.К. 2018ж



**«АТАМЕКЕН» балалар хорының 2024-2025 оқу жылындағы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Жетекшісі: Махамбетова Тойғаным Жараскановна

2024-2025 оқу жылы

«Атамекен» балалар хорының 2024-2025 оқу жылындағы жылдық есебі

Хор үйірмесінің мақсаты: Оқушыларды ұжымдық және жекелей жұмыс атқару үстінде белсенділіктері арқылы берілген шығарманы сапалы және үздік орындап шығуға баулу. Хор айтудағы ең маңызды мәселе – хор ұжымын сезіну, әр партияның өз дауыс жүйесін дұрыс айтуы, шығарманы интонациялық тұрғыдан таза айтып, сүйемелдеушілерді тыңдай білуі, олармен үндесе білуін қалыптастырып, жетілдіру.

Хор үйірмесі – әр аптаның дүйсенбі және сәрсенбі күндері өткізіледі.

Хор үйірмесіне барлығы -25 оқушы қатысады.

Жас ерекшеліктері- 9-10 жас, және 11 жас

«Атамекен» хоры 8 наурыз «Аналар мерекесі қарсаңында «Ананың әсем бейнесі» атты Республикалық балалар мен жастар шығармашылық байқауынан «Хор» номинациясы бойынша 1 орынды иеленді.



<https://www.instagram.com/p/DHDW2xYiERK/?igsh=NjRnbHdleXdpbGNw>



Наурыз мерекесіне орай мектеп ұжымы «Қарттар үйіне» барып концерт қойды. Сол концертте хор ұжымы «Ана» әнін тарту етті.
<https://www.instagram.com/reel/DHaf5hvA0UN/?igsh=dnJsbzExN2pmem10>
 8 наурыз «Аналар мерекесіне» орай ұжымдағы ұстаз апайлармен кіші қызметкерлерді мерекесімен құттықтап ән арнап, гүл шоқтарын сыйға тартты.



<https://www.instagram.com/reel/DHD6QP3M7DD/?igsh=NnJncXo0YTlla3px>

2024-2025 оқу жылына арналған «Жылдық» есеп беру концерті.



<https://www.instagram.com/reel/DJrp3cjMzcy/?igsh=cXU0OHYzbHpWdWfX>

